

**2024-2025 оқу жылында 5-11 сыныптар арасында жүргізілген
сауалнама жұмыстарының**

Ақпараттамасы

Тиімді тамақтану деңгейін анықтау мақсатында 1-11 сыныптар арасында сауалнама жүргізілді. Әлеуметтік педагог Сарниязова З. оқушыларды асхананың жұмыс уақытымен таныстырып, асханада тамақтану тәртібі жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Медбике қызметкері Г.Кенжесариева ас мәзіріне кіретін тағам түрлеріне тоқталып, күнделікті рационда болуы тиіс тағам түрлеріне, витаминдердің тәуліктік мөлшеріне байланысты ақпараттарды беріп, оқушыларды салауатты тамақтануға шақырды.



Сонымен қатар ас мәзірінде болған өзгерістер мен тамақтану қағидаларын бұзбау ыстық тамаққа уақытылы бару, асхана мәдениеті жайлы ақпараттар берілді.



Әлеуметтік педагог  Сарниязова З.У

2024-2025 оқу жылында 8-9 сыныптар арасында жүргізілген с
ауалнама жұмыстарының

Ақпараттамасы

«Ақшұқыр мектеп-гимназиясы» КММ-сі 2024-2025 оқу жылында жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықты анықтау мақсатында 8-9 сынып оқушылар арасында сауалнама алынды.

Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Сауалнама нәтижесі бойынша мектепте, мектептен тыс оқушыларға жасалған зорлық-зомбылық туралы фактілер анықталмады. Зорлық-зомбылыққа тап болған және куә болған жағдайда қалай әрекет ету керектігі және кімнен көмек сұрау керектігі туралы оқушылардың түсініктері бар. Алдағы уақытта осы бағытта жұмыстар жалғасады.





Ауыл м. педагог Саркешова З.У.

**«29 қазан – қамқоршылар күні» мерекесінің
өткізілуі туралы
Ақпарат**

04.11.2024 ж.

«29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылды. «29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай 1-4 сынып оқушыларының арасында «Отбасымда бақыттымын» атты сурет байқауы ұйымдастырылып, атсалысқан оқушыларға мектеп директоры атынан белсене қатысқаны үшін мадақтау қағазы табыс етілді.



Сонымен қатар, мектептің әлеуметтік талдаушысы Н.Мендешова мұғалімдер арасында педагогтердің әлеуетін дамытуда, эмоциональды қолдау шарасы бойынша, «Көтеріңкі көңіл-күй-жанға қуат береді» тақырыбында тренинг өткізді.



Мектептің әлеуметтік парақшаларында орналастырылды.
«29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесі аясында өткізілген іс-шаралар туралы қортыныды мәлімет жазылып, әлеуметтік желілерде жарияланды.

Әлеуметтік педагог 